



100009, Карағанды қ., Ержанов көш., 47/3, тел.: (7212) 43-20-82
e-mail: ukzisp_krg@krg.gov.kz, ЖСК KZ85070102KSN3001000
"ҚР ҚМ Қазынашылық Комитеті" ММ, БСК ККМФКЗ2А
СТН 302000036571, БСН 970640000547, Код 2562252, КБе 12

100009, г. Караганда, ул. Ержанова, 47/3, тел.: (7212) 43-20-82
e-mail: ukzisp_krg@krg.gov.kz, ИИК KZ85070102KSN3001000
ТУ "Комитет Казначейства МФ РК", БИК ККМФКЗ2А
РНН 302000036571, БИН 970640000547, Код 2562252, КБе 12

18.12.2025 № 2-27.3653

**Лязат Акбергеновна Курмангалиеваның
8D04101 «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан
Республикасы халқының еңбек табыстары: үрдістерін бағалау және
реттеу басымдықтары» атты диссертациялық жұмыс нәтижелерін
ЕНГІЗУ АҚТІСІ**

Курмангалиева Лязат Акбергенқызының «Қазақстан Республикасы халқының еңбек табыстары: үрдістерін бағалау және реттеу басымдықтары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу материалдары қаралып, жұмыстың өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдау және халықтың әлеуметтік жағдайын бағалау бағыттарына қатысты қолданбалы маңызы бар екені анықталды. Зерттеуде еңбек табыстарының ұзақ мерзімді серпіні, олардың нақты өсіміне инфляцияның әсері және өңірлік айырмашылықтардың әлеуметтік көрсеткіштерге ықпалы ғылыми негізде талданған.

Жұмыста ұсынылған факторлық бағалаулар мен табыс құрылымының өзгерісін сипаттайтын аналитикалық материалдар халықтың табыс деңгейін, әлеуметтік осал топтардың жағдайын және табыстардағы өзгерістердің өмір сүру сапасына әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл деректер өңірлік деңгейде әлеуметтік қолдау шараларын жоспарлау мен әлеуметтік тәуекелдерді бағалауда ақпараттық тұрғыдан құнды.

Зерттеу материалдары әлеуметтік саясаттың басым бағыттарын айқындауда және халық табыстарына әсер ететін факторларды бағалауда қолдануға ұсынылады.

Басқарма басшысы

Т.Қ. Мұхтар